

Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі арқылы 2023 жылдың 3 айында атқарылған жұмыстар

2023 жылы республикалық бюджеттен 596825,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 153043 мың теңге, аудандық бюджеттен 10705,0 мың теңге, барлығы **760573,0 мың теңге** қаржы бөлінді.

Атап айтқанда:

1. Жаңақорған ауданы, Жаманбай батыр ауылдық округіндегі науалық суару жүйесінің құрылысына республикалық бюджеттен 100000,0 мың теңге бөлінді. Жаманбай батыр ауылдық округінің Бесарық және Кеңес ауылдарындағы адамдардың бау-бақша, егін егуге қажетті аяқ сумен қамтамасыз ету жұмыстары жақсаратын болады. Сонымен қатар, осы ауылдық округтегі егін шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарды қажетті аяқ сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілетін болады.
2. Жаңақорған ауданы, М.Нәлібаев ауылдық округі, Ақжол ауылындағы спорт кешенінің құрылысын жалғастыруға республикалық бюджеттен 146492,0 мың теңге бөлінді. М.Нәлібаев ауылдық округіндегі жастардың спортпен шұғылдануына үлкен ықпалын тигізеді.
3. Жаңақорған ауданы, Манап, Келінтөбе, Сунаката, М. Нәлібаев, Әбдіғаппар, Қандөз, Қожакент, Құттықожа, Еңбек елді мекендеріндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына республикалық бюджеттен 350333,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 153043,0 мың теңге бөлінді. Осы аталған елді мекендердегі бүгінгі күнге дейін проблема болып келген электрмен қамту мәселесі түпкілікті шешілетін болады.
4. Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб үйінің құрылысына жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамасымен қоса әзірлеуге аудандық бюджеттен 10705,0 мың теңге бөлінді.

2023 жылы қаржыландыруға ұсынылған жоба-сметалық құжаттамалардың тізімі.

1. «Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Саяжай-1 учаскесінің ауданы 300 гектар болатын аумағына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес инженерлік инфрақұрылым желілері құрылысын салу. Сумен жабдықтау» жұмыстарына 2023-2024 жылдарға республикалық бюджеттен-1575591,887 мың теңге, облыстық бюджеттен-175065,766 мың теңге қаржыны бөлдіруге бюджеттік өтінім ұсынылды. Аталған аумақтың инфрақұрылымдарының құрылысын жүргізуге қажетті қаржы бөлініп, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері жүргізілсе, Жаңақорған кенті халқының жеке тұрғын үй салуға қажетті жер учаскесінің проблемалық мәселелерінің шешімі шешілетін болады. Жаңақорған ауданында жеке тұрғын үй салуға

кажетті жер учаскесінің кезегінде тұрған және ауданның әлеуметтік жағынан осал топтары бойынша кезекте тұрған **10000-дай азаматтарды** тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесімен камтамасыз ету жұмыстары дамиды.

2. «Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Саяжай-1 учаскесінің ауданы 300 гектар болатын аумағына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес инженерлік инфрақұрылым желілері құрылысын салу. Тас жолдар» жұмыстарына 2023-2024 жылдарға облыстық бюджеттен-1011055,916 мың теңге қаржыны бөлдіруге бюджеттік өтінім ұсынылды. Аталған аумақтың инфрақұрылымдарының құрылысын жүргізуге кажетті қаржы бөлініп, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері жүргізілсе, Жаңақорған кенті халқының жеке тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесінің проблемалық мәселелерінің шешімі шешілетін болады. Жаңақорған ауданында жеке тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесінің кезегінде тұрған және ауданның әлеуметтік жағынан осал топтары бойынша кезекте тұрған **10000-дай азаматтарды** тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесімен камтамасыз ету жұмыстары дамиды.
3. «Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Саяжай-1 учаскесінің ауданы 300 гектар болатын аумағына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес инженерлік инфрақұрылым желілері құрылысын салу. Электрмен жабдықтау» жұмыстарына 2023-2025 жылдарға республикалық бюджеттен-2024766,680 мың теңге, облыстық бюджеттен-224974,076 мың теңге қаржыны бөлдіруге бюджеттік өтінім ұсынылды. Аталған аумақтың инфрақұрылымдарының құрылысын жүргізуге кажетті қаржы бөлініп, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері жүргізілсе, Жаңақорған кенті халқының жеке тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесінің проблемалық мәселелерінің шешімі шешілетін болады. Жаңақорған ауданында жеке тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесінің кезегінде тұрған және ауданның әлеуметтік жағынан осал топтары бойынша кезекте тұрған **10000-дай азаматтарды** тұрғын үй салуға кажетті жер учаскесімен камтамасыз ету жұмыстары дамиды.

Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі арқылы 2023 жылдың 3 айы бойынша мемлекеттік бюджеттен барлығы **760573,0 мың теңге** қаржы қаралды. Оның ішінде:

2023 жылға «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында жоспарланған, Жаңақорған ауданының 9 ауылында (Қандөз, келінтобе, Қожакент, М.Нәлібаев, Абдиғаппар, Құттықожа, Сунаката, Еңбек) тұрғын үй секторын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен (электр желісі) камтамысыз ету жұмыстары үшін, **503 376 мың теңге** мемлекеттен қаржы бөлініп, құрылысына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды.

Жаманбай батыр ауылдық округіндегі Бесарық су қоймасынан Бесарық және Кеңес елді мекендерін науалы суарумен аяқ су камтамасыз ету үшін мемлекеттің **100 000,0 мың теңге** қаржысы қаралды.

Жаңақорған ауданы М.Нәлібаев а/о, Ақжол ауылындағы спорттық кешеннің құрылысы (жобалық құны 409 436,0 мың теңге) бойынша 2022 жылы

«Ауыл ел бесігі» бағдарламасымен ұлттық қордан 222 000,0 мың теңге қаржы бөлінсе, 2023 жылға **146 492 мың теңге** қаржы қаралып, мердігер «Дәнекер ҚК» ЖШС-мен құрылысы жүргізілуде.

Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің мемлекеттік көрсететін қызметі туралы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөліміне 7 түрлі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бекітілген. Олар:

1. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»;
2. «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау жөнінде анықтама беру»;
3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу»;
4. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру»;
5. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру»;
6. «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»;
7. «Елді мекендер шегінде объект салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін көрсету»

1. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» бойынша 2023 жылы 3 айда құрылыс нысандарын салуға электрондық үкімет порталы (Е-лицензия) арқылы 178 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

2. «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау жөнінде анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі - 3 айда «Азаматтарға арналған үкімет» МК арқылы 121, электронды портал арқылы 288 азаматқа көрсетілді.

Сонымен қатар, «Мекен-жай тіркелімі» бағдарламасы бойынша аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және аудандық жылжымайтын мүлікті тіркеу орталығымен (БТИ) бірлесе отырып «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік дерек қорынан берілген мекенжайлар мәліметін нақтылау және нақтыланған мекенжайларды «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде өзектендіру жұмыстары жүргізілуде.

3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 2023 жылғы 3 айда салынуы жоспарланған **179** құрылыс объектісіне электрондық үкімет порталы арқылы келісім берілді.

4. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 31 өтінішке рұқсат беруге келісім берілді.

5.6. «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру» және «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша өтініш түскен жоқ.

7. «Елді мекендер шегінде объект салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне 95-не оң қорытынды алынды. Қалған өтініштер бойынша заңдылығына сәйкес, тиісті зерттеу жұмыстары жасалуда.

Функционалдық міндеттер:

Қазақстан Республикасы «Жер Кодексінің» 49-1. бабына сәйкес «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес аудан бойынша 3 айда жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге өтініш түспеді.

Жеке тұрғын үй құрылысының пайдалануға берілген алаңы 3 айда 15859 шаршы метр құрап, 122 жеке тұрғын үй меншік иесінің объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісі есепке алынды. Бұл туралы ақпараттар облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына, аудандық статистика басқармасына берілді.

Жаңақорған ауданында «пайдалануға берілген жеке тұрғын үй құрылысы» нысаналы индекаторы бойынша 2022 жылы 3 айдың қорытындысы

№	Айлар	2022 жыл	2023 жыл тапсырылған	%
1	Жоспар	15507 м2	15859 м2	102,2

Жеке тұрғын үй құрылысының пайдалануға алаңы жылдық жоспары 59 400 шм болып бекітілді.

2023 жылға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары М. Жайымбетовпен бекітілген «Қызылорда облысы бойынша елді мекендерінің 2025 жылға дейінгі бас жоспарлар мен салу және дамыту схемаларын әзірлеу және түзету » жөніндегі Жол картасы әзірленді.

Жол картасына сәйкес:

2023 жылы Жаңақорған ауданының кент орталығынан

- **«Ызғар» мөлтек ауданының егжей-тегжей жоспарлау жобасын әзірлеу (ЕТЖЖ):**

- **Тақырқол, Түгіскен ауылдарының даму сызбасына түзету (корректировка) жұмыстары;**

- **Қалғансыр, Қашқанкөл ауылдарына жаңадан даму сызбасын әзірлеу жоспарланған .**

Сәулет, қала құрылысы және құрылысы бөлімі арқылы ауданда салынатын (салынуы белгіленген) және басқа да объектілер қала құрылыстық регламенттердің (қызыл сызық, басқа да шектеулердің) сақталуын қадағалау, әлеуметтік нысандардың (мектеп, балабақша, мәдениет, спорт объектілері т.б.), тұрғын

үйлердің, демалыс орындарының елді мекендердің бекітілген бас жоспары мен даму сызбаларына сәйкес орналасуына қадағалау жұмыстары қатаң бақылауда.



Б. Бейсенәлі